

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 9 желтоқсанда Республика Парламенті қабылдаған "Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Заңның Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінімі жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 18 ақпандағы N 15/2 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 8 қарашадағы N 9 Қаулысымен

Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007.11.08. N 9 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі құрамында Кеңес төрағасы Ю.А. Ким және Кеңес мүшелері Н.И.Акуев, Ж.Д.Бұсырманов, О.Қ.Ықсанов, В.В.Мамонов, С.Ф.Темірболатов, В.Д.Шопин қатысқан, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкілдері - Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау метрология және сертификациялау жөніндегі комитетінің төрағасы М.Х.Тұрысбековтың, Әділет министрлігі Заңдар департаменті директорының орынбасары М.Ж.Шаншарбаеваның, Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілдері - Сенаттың Экономика, қаржы және бюджет комитетінің мүшесі А.В.Гусинскийдің, Мәжілістің Экономика, қаржы және бюджет жөніндегі комитетінің мүшесі В.Н.Весниннің, Мәжілістің Заңдар және сот - құқықтық реформа жөніндегі комитетінің мүшесі Н.С.Капительдің қатысуымен Парламент қабылдаған және Республика Президентіне қол қоюға ұсынған "Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Қазақстан Республикасы Заңын конституциялық емес деп тану туралы Республика Премьер-Министрінің өтінімін ашық отырысында қарады.

Кеңес мүшелері С.Ф.Темірболатовтың, В.Д.Шопиннің баяндамаларын, конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың пікірлерін тыңдап және өтінім бойынша қолдағы бар материалдарды зерделей келіп, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

1998 жылғы 17 желтоқсанда Республика Конституциялық Кеңесіне Республика Премьер-Министрі Н.Балғымбаевтың 1998 жылғы 9 желтоқсанда Парламент қабылдаған және 1998 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға табыс етілген "Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Республика Конституциясына сәйкестігін қарау және оны Конституцияның 3-бабының 3-

тармағына және 5-бабының 2-тармағына қайшы келеді деп тану туралы өтінімі келіп түсті. Республика Премьер-Министрінің өтінімінде 1993 жылғы 24 қыркүйекте ТМД қатысушы - мемлекеттері үкімет басшыларының Кеңесі бекіткен Тауар шығарылған елді анықтау ережелерінің 10-тармағына сәйкес тауар әкелінген елдің кеден органына тауардың қайда өндірілгенін куәландыратын тек бір ғана құжат-тауардың қайда жасалғаны туралы сертификат ұсынылады деп көрсетілген. Тауарлардың қайда өндірілгені туралы сертификаттан басқа ешқандай құжат тауар өндірілген елді куәландыра алмайды. Қабылданған Заңның 9-бабының б) тармақшасы, халықаралық практикаға сәйкес , тауардың өндірілген елін куәландыратын құжатты - тауардың өндірілуі туралы сертификатты ресімдеу құқығын бір жақты түрде сауда - өнеркәсіп палаталарына б е р е д і .

Қабылданған Заңның нормаларын зерделеп және өтінім бойынша қолдағы бар материалдарды зерттей келіп, Конституциялық Кеңес мынаны негізге алады:

Қабылданған Заңның 1 және 4-баптары сауда-өнеркәсіп палаталарының мәртебесін мемлекеттік емес деп белгілейді.

Заңның 9-бабының б) тармақшасы сауда-өнеркәсіп палаталарына "қожалық етуші субъектілердің өтінімі бойынша, халықаралық сауда практикасына сәйкес, тауарлардың шығарылған елін куәландыруға, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға байланысты құжаттарды айғақтауға" құқық береді.

Республика Конституциясының 66-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" конституциялық заң күші бар жарлығының 9-бабының 14) тармақшасына сәйкес сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру және сыртқы сауданы дамыту жөніндегі шараларды жүргізу Үкіметтің құзыретіне жатады.

Тауарлардың шығарылған елін куәландыру және сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға байланысты құжаттарды айғақтау Үкіметтің және басқа да мемлекеттік өкілетті органдардың аталған құзыретті жүзеге асыруының бір н ы с а н ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасы Конституциясы 3-бабының 3-тармағына сәйкес мемлекеттің атынан Үкімет және басқа да мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде әрекет етеді.

Демек, "Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының б) тармақшасында мемлекеттік емес ұйым ретінде тауарлардың шығарылған елін куәландыруға және сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға байланысты құжаттарды айғақтауға сауда-өнеркәсіп палаталарына құқық берілуінің көзделуі Қазақстан Республикасы Конституциясы 3-бабының 3-тармағының талаптарына қайшы келеді.

Баяндалғандардың негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 2-тармағының

1) тармақшасын және 37-бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Парламенті 1998 жылғы 9 желтоқсанда қабылдаған "Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының б) тармақшасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының 3-тармағына сәйкес емес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 39-бабының 1-тармағына сәйкес Конституцияға сәйкес емес деп танылған заңдарға қол қойылмайды және күшіне енгізілмейді.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясы 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға міндетті, түпкілікті болып табылады және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 38-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларды ескере отырып, шағымдануға жатпайды

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы

Оқыған:
Қасымбеков Б.А.